

«Н. Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп» КММ

« Жас маман жүрегі»
"Психологиялық тренинг"



Дайындаған
Педагог-психолог: Н. Нурмахамбетова



« Жас маман жүрегі»

"Психологиялық тренинг" 26.10.2023 жыл

Мақсаты: Педагогтар арасында жағымды қарым-қатынас орнату, көңіл-күйін көтеру, жүйке-жүйесін демалдыру, шаршағандығын басу

Психолог сөзі:

- Қайырлы күн , құрметті қонақтар! Бүгінгі керемет бас қосу, « Жас маман жүрегі» тақырыбындағы өздеріңізбен жүздескеніме өте қуаныштымын.

Мен өзімді таныстырып өтейін, есімім Нурмахамбетова Назым Орынбасаровна

«НАПОЛЕОН» жаттығуы

Мақсаты: Ұстаз бойына жақсы қасиеттерді алуды үйрету, кез-келген ортада өзін-өзі басқаруға, ойланып әрекет етуге бағыт беру.

Наполеонның үнемі халықтың алдына шыққанда 3 әдеті бар екен. Оның бірі

1. Қолды шапалақтау
2. Жұдырықты түю
3. Алақанды ашу

Енді сіздерге тапсырма, сіз осы Наполеонның қай қағидасын өз бойыңызға аласыз?

Мен қазір 1-2-3 деп санаған уақытта әр қатысушы осы қағиданың 1 еуін ғана ұстануыңыз керек.

«НАПОЛЕОН» жаттығуы

Мақсаты:

Ұстаз бойына жақсы қасиеттерді алуды үйрету, кез-келген ортада өзін-өзі басқаруға, ойланып әрекет етуге бағыт беру.

Наполеонның үнемі халықтың алдына шыққанда 3 әдеті бар екен. Оның бірі

Қолды шапалақтау

Жұдырықты түю

Алақанды ашу

Енді сіздерге тапсырма, сіз осы Наполеонның қай қағидасын өз бойыңызға аласыз?

Мен қазір 1-2-3 деп санаған уақытта әр қатысушы осы қағиданың 1 еуін ғана ұстануыңыз керек.



жұдырық



алақан

Ал кеттік.....

- Қол шапалақтау- кез-келген нәрсеге көңілі толып, шаттанатын адам
- Жұдырықты түю – агрессиясын көрсететін, билік жүргізе алатын адам.
- Алақанды ашу – кез-келген жағдайда көңілді жүреді, кез-келген адамға қол ұшын беретін, көмек беретін қолы ашық адам.

Олай болса, мен сіздердің келешекте, Ұлы есім ұстазға тән мінез- оң, кез-келген жағдайда, қол ұшын беріп көмектесе алатын, жұмыс барысында сабырлылық танытатын, қиындыққа мойымай, кедергілерден оңай өте алатын, өзіне сенімді ұстаз екендеріңізге сенемін.

Ұстаздық ету үнемі жұмысты ойлау дегенді білдірмейді. Тұлға болған соң адам өзіне бір сәт көңіл бөлу керек. Олай болса біздің келесі жаттығуымыз

Флешмоб

Тақырып: «Энергия алмасу»

«Графикалық диктант» әдістемесі

Мақсаты: Еркіндік сферасының даму деңгейін анықтау, өзін-өзі бақылауын және қабылдауын дамыту.

Торкөзді дәптердің парақтарын дайындап, шетінен 4 торкөз қалдырып, бірбірінен арақашықтығы 7 торкөз болатын, бірінің астынан бірі орналасқан (вертикаль бойынша) 3 нүкте белгілеп қоямыз. Балаларға қарындаштарын алуды ұсынып, айтамыз: «Қай жаққа және қанша торкөзге сызықты жүргізу керектігін мен айтып тұрамын. Тек қана мен айтқан сызықтарды жүргізіп отырыңдар. Бір сызықты жүргізген соң, келесі сызықты қайта бағыттау керектігін айтқанша күт. Әрбір жаңа сызықты оның алдындағы сызық біткен жерден, қарындашты қағаздан алмай баста».

Бірінші тапсырма: «Қарындашты ең жоғарғы нүктеге қой. Тыңда! Сызықты сал: бір торкөз төмен. Қарындаштыңды қағаздан алма. Енді бір торкөз оңға. Бір торкөз жоғары. Бір торкөз оңға. Бір торкөз төмен. Бір торкөз жоғары. Бір торкөз оңға. Бір торкөз төмен. Осындай өрнек салуды өзіңжалғастыр». Бала түсінбесе, айтып жіберу керек, жіберген қателер болса, түзетіп жіберуге болады. Келесі өрнек салуда мұндай бақылау жасалмайды. Тапсырманы оқығанда, бала алдыңғы сызықты аяқтап үлгеретіндей, жеткілікті үзіліс жасау керек. Өрнекті өз бетінше салуға 1,5-2 минут уақыт беріледі.

Екінші тапсырма: «Енді қарындаштарыңды келесі нүктеге қойыңдар. Тыңда! Ал баста! Бір торкөз жоғары. Бір торкөз оңға. Бір торкөз жоғары. Бір торкөз оңға. Бір торкөз төмен. Бір торкөз оңға. Бір торкөз төмен. Бір торкөз оңға. Әрі қарай осы өрнекті салуды жалғастыр».

Үшінші тапсырма: «Қарындашты соңғы нүктеге қой. Тыңда! Үш торкөз жоғары. Бір торкөз оңға. Екі торкөз төмен. Бір торкөз оңға. Екі торкөз жоғары. Бір торкөз оңға. Үш торкөз төмен. Бір торкөз оңға. Екі торкөз жоғары. Бір торкөз оңға. Екі торкөз төмен. Бір торкөз оңға. Үш торкөз жоғары. Енді осы өрнекті салуды өзің жалғастыр ». Баланың тапсырманы айту бойынша және өз бетімен қалай орындайтындығына талдау жасалынады. Бірінші көрсеткіш ешнәрсеге алаңдамай, нұсқауды мұқият тыңдай және дәл орындай алуын көрсетеді. Екіншісі – баланың өзбеттілік дәрежесін көрсетеді. Егер бала екінші және үшінші өрнектерді ешбір қатесіз немесе өрнектердің бірінде жекелеген қателермен орындаса (жаттығу өрнегі есептелмейді) еркіндік сферасының даму деңгейі жақсы болғаны. Егер ешқандай өрнек айтылған нұсқаумен сәйкес келмесе, еріктік сфераның даму деңгейі төмен болғаны. Бұл әдістеме 2а сыныбында жүргізілді.

Қорытынды: Сынып оқушылары үлкендердің берген тапсырмаларын орындайды, берілген өрнекті дұрыс көшірді, ал тапсырма бойынша дербес әрекет етуі орташа.

Берілген кеңес: Ересектердің нұсқауларын балалардың орындай білуі, біліктілігін арттыру үшін, өзара қарым-қатынас өрісін дамыту, тиімді қарым қатынасқа машықтану, яғни байланыс құру, қосылып отыру, белсенді тыңдау, өз пікірін толыққанды білдіру, өз күшіне сенуді қалыптастыру, өз бетімен жұмыс жасауға дағдыландыру керек.

Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сынып оқушыларымен жүргізілген «Графикалық диктант» әдістемесінің қорытындысы туралы

Анықтама

Мақсаты: Үшінші сынып балалардың білім ордасындағы білімін түзеу және сабақ уақытысындағы проблемаларды анықтап, кеңестер мен ұсыныстар беру барысында сабақтар жүргізу.

Мерзімі: 01.11- 03.11.2023ж

Уақыты : 20 минут

Жиналысты жүргізгендер: Жұмабекова И, Нұрмахамбетова Н

Қатысқандар: 81 оқушы

Қараша айында 4 сынып оқушыларымен «Графикалық диктант» әдістемесі ұйымдастырылып өткізілді.

Мақсаты: Үшінші сынып оқушысының білімге деген қызығушылығын нығайту. Оқушының өз ойын еркін айтып, сыйластық және сырларын бөлісе білу үшін жақсы қарым қатынаста болудың маңыздылығын түсіндіру.

Сабақ алдымен оқушылармен сәлемдесуден басталды. Құрметті оқушылар сіздермен бүгін қызықты сабақтар өтеміз. Бүгінге мақсат: «Графикалық диктант» әдістемесі арқылы таным процесі, зейінді дамыту және түзету сабақтарын жоғары деңгейде түсіндіріп өту. Нәтижесінде оқушылар бірнеше логикалық сұрақтардың шешімін шығарды және берілген тапсырмаларды орындады. Осы графикалық диктант арқылы өздерінің еркіндік сферасының даму деңгейін анықтай алды, өзін-өзі бақылауын және қабылдауын дамытты графикалық диктант тапсырмаларын тапсыру арқылы біле алды, Сабақтың соңында оқушылар өз ойларымен, сұрақтарынқою арқылы ортаға сала отыра талқылап бүгінгі сабақтың мақсатын түсінді. Сабақ өз шеңберінде жоғары деңгейде аяқталды.

Ұсыныс: Үшінші сынып оқушыларын еркіндік сферасының даму деңгейін, өзін-өзі бақылауын және қабылдауын одан әрі дамытып жоғарылату мақсатында жүргізілді.

«Діни экстремизмнің алдын алу» сауалнамасының анықтамасы

Мерзімі: 16 мамыр 2024 жыл

Мақсаты: оқушылардың дін туралы түсініктерін анықтау

Қатысқандар: 9 –10 сынып оқушылар

Барлық оқушы саны -122 оқушы

Барысы: оқушыларға 7 сұрақтан тұратын сауалнама таратылып, жауаптар алынды.

Нәтижесінде: 1 сұрақ бойынша оқушылар өз есімдерімен тегін жазып, қай сыныпта оқитынын көрсетті.

2 сұрақ: «Дін дегеніміз не?» наным, сенім, тәртіп, қоғамның рухани өмірінің бір саласы (дін дегеніміз билеуші топтың халықты бағындыру құралдарының бірі, заң); 122 оқушы – 100%

3. «Діннің қандай түрлерін білесің?» деген сұраққа, иудаизм, христианство, ислам, буддизм; - 122 оқушы – 100%

4. «Ислам туралы не білесің?» деген сұраққа, ислам ең таза дін, мұсылман халықтараның діні деп жауап берсе; (ислам діні Аравия түбегінен тараған, иудаизм мен христианствоның негізінде жасалған дін) 122 оқушы – 100%

5. «Діни ағымдар яғни секталар жайлы түсінігің көзқарасың?» деген сұраққа оқушылар нейтралды, яғни жағымсыз пікірде «дұрыс емес» деп жауап берген; 122 оқушы – 100%

6. «Діннің адамдарға пайдасы мен зияны?» деген сұраққа әр адамның өз ниеті дұрыс болса зиян емес, пайдасы көп, руханы байлық, егер секталарға бағынса зияндығы баршылық; 122 оқушы – 100%

7. «Қазіргі уақытта жастардың дінге немесе діни ағымның соңына еруіне не себеп?» деген сұраққа, ғаламтордағы алдаушылыққа еру, ақша ұсыну мақсатында, еліктеушілік, сенгіштік, адамдардың ниеттерін бұзу, т.б. 122 оқушы – 100%

Қорытынды: оқушылардың дінге көзқарасы түзу, өз түсініктері қалыптасқан, дін жайлы білімдері қанағаттанарлық. Өзге дінге еліктеушілік пен сектаға тартылған оқушылар анықталған жоқ.

Орындаған: мектеп педагог –психологтары: И.М.Жұмабекова, Н.О.Нұрмахамбетова

Діни сауаттылық» сауалнама қорытындысы

Н.Төреқұлов атындағы жылы №8 жалпы білім беретін мектеп

«Діни сауаттылық» сауалнама қорытындысы

Өткізу мерзімі: 16.05.2024ж

Сыныптар: 9-10 сыныптары

Қатысқан оқушы саны: 83

Категория: оқушылардың діни сауаттылығын анықтау

Сауалнама: 9 сұрақтан тұрады ашық түрде жүргізілді.

Мақсаты: оқушыларға діни экстремизм туралы білім беру, теріс ағым туралы, ұғымдарын анықтап Діни сауаттылықты қалыптастыру.

Сауалнама қорытындысы:

1. Қазақстан қандай мемлекет?

А) Зайырлы және тәуелсіз мемлекет 83 - 100% оқушы

2. Дұрыс бағыттағы діни түсінікті кімнен аласың?

А) ата-анамнан 48 оқушы – 57%

Б) Teachersден (дінтану пән мұғалімі, психолог, сынып жетекші т.б) -
-35оқушы –43 %

В) бөгде адамдардан (көрші, ауылдас т.б)

Г) теледидар, газет, журнал т.б

Д) өз жауабың

3. Ата-анаңмен «Дін» жөнінде әңгімелесесіңбе, дұрыс жолды түсіндіредіме?

А) иә 83 оқушы - 100%

Б) жоқ

В) өз жауабың

4. Жанұяңның, өзіңнің діни ұстанымың бар ма?

А) иә, ол Ислам діні - 83 оқушы 100%

Б) жоқ

В) өз жауабың

5. Ол дін қандай ерекшеліктерімен айқындалады?

А) Дінді үлкен мәдениетретінде қарастырылады оқушы –62- 73,2%

Б) әр адам өзінің мәдениетіне, дінге салт-дәстүріне құрметпен қарауы тиіс -
- 21 оқушы -26,8%

6. Әлем бойынша рұқсат етілген негізгі үш дінді ата?

Будда, Христиан, Ислам - 83 оқушы - 100%

7. Жат діни ағымда жүрген адамды киім киісі, сөзі мен әрекетінен айыра аласыңба?

А) Иә 83 оқушы – 100%

Б) Жоқ

В) Өз жауабың

8. Бейтаныс біреу саған түсініксіз, діни бағытта уағыздар айтып, өз бағытына қосылуды қаласа не істейсің?

А) бас тартамын - 83оқушы – 100%

Б) ойланып көремін

В) өз жауабың

9. Қаладан, теледидардан хиджаб киген , қысқабалақ шалбар киген, сақал қойған т.б. жастарды көргенде қандай сезімде боласың?

А) неге адасты екен деп ойлаймын -16 оқушы – 20%

Б) мән бермеймін - 67 оқушы -80 %

В) қызыға қараймын

Г) өз жауабың

Сауалнаманы қорыта келе мектептегі оқушылардың діни экстримизм туралы және діни сауаттылығы анықталып, мектепте оқушыларда дін туралы сауаттылық толық сауатты қалыптасқаны анықталды. Сауалнама барысында ешқандай қиындықтар туындаған жоқ. Керісінше мектеп тарапынан және ата-аналарынан діни сауаттылық туралы көп естіп білгендіктерін көрсетті.

Орындаған: мектеп педагог –психологтары: И.М.Жұмабекова,Н.О.Нұрмахамбетова

Хаттама

Тақырып: «Қыздың ары-ұлттың ары!»

Қатысқандар: 8,9,10,11 сыныптар

ДТІЖО: Сейдалиева А

Медбикелер: Искакова А, Макашева А

Сынып жетекшілер: Қалдыбаева А, Кошекova Д, Мисирова М

Психологтар: Жұмабекова И, Нурмахамбетолва Н

Қыздармен жұмыс

Мақсаты: Қазақ халқының ұлтық болмысын сақтай отырып, қыздарға жат қылықтарды ажырата білуге, олардың денсаулығына, ұлт болашағына, рухани байлығына, тәрбиесіне келтіретін зияны туралы түсінік береу, олардың ішкі және сыртқы жан дүниесінің әдемі де арлы болуына шақыру.

Ассоциация: «Қыз» сөзіне

Бір ауыздан қыз сөзіне ассоциация «АНА» дегенге тоқталып елдің батыры мен ақынын, көреген көсемін, сөзуар шешенін, топ жарар дүлдүлін де, өмірге әкелген ана.

Бүгінгі видеороликтен қыздардың түйгені

1. Бүгінгі жастар «заман осындай» деген желеумен батыстық менталитетке ден қойған
2. Етек жеңі қысқарып, кеудесі жартылай жалаңашталған киім киген де өзіміздің қаракөз қыздарымыз
3. Ішімдікке сылқиы тойып, мас болумен шылымды бұрқыратып жүруі, тіпті сәнге айналған Қарға тамырлы қазақтың ұрпағын тәрбиелеп, өмірге ұлы тұлғалар әкелетін болашақ аналарымыз өзінің ертеңгі тағдырына бүгін балта шауып жатқанын түсіндіруге әрқашан дайын екенімізді түсіндірдік.

Мейірбике: Қыз балаларға тазалық сақтау жайында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

ДТІЖО: қыз баланың ибалы, инабаттылығы, тәртібі жайында тоқталып кетті.

Сынып жетекшілерге қыздармен тиімді жұмыс жасауына ұсыныс айтылды.

Педагог-психологтар:

Жұмабекова И

Нурмахамбетова Н

«Қыздың ары-ұлттың ары!»

2023 – 2024 оқу жылы

Қараша айының 20-күні мектебімізде 9-11 – сынып оқушы қыздары арасында мектепшілік «Қыздың ары-ұлттың ары!» тақырыбында қыздар жиналысы өткізілді.

Қатысушылар: 9-11 – сынып қыздары сынып жетекшілері, педагог – психолог, аға тәлімгер.

Қатысқан оқушылар (қыздар): 101 қыз

Қатыспағаны: 5

Қатысқан сынып жетекшілер: Мадиева С, Баумышева Г, Тоймахан А, Қалдыбаева А, Жайлыбаева Л, Аманов А;

Қатыспағаны: Шойбеков Марат, Көшекков Динара, Джакебаева Салтанат,

Өткізілген орны: АКТ зал

Мақсаты: қыздармен әңгімелесе отырып, ар – намысын, тазалығын, сұлулығын жоғары қоя біліп, жұрт алдында абройлы болуға тәрбиелеу. Салауатты өмір салтын қалыптастырудағы ой – өрісін дамыту, зиянды әрекеттерге еліктеудің, қызығудың өмірлеріне қауіп тудыратынын ескерту.

Жиналыстың барысы:

Барысы:

I Кіріспе сөз: Тәрбие ісінің меңгерушісі Сейдалиева А

II «Жасөспірім қыздың тәрбиесі» - аға тәлімгер Дүйсенбекова Ш.

III ««Қыздың ары-ұлттың ары!» бейнематериал

IV Сауалнама «Өзіңді сұлуың деп есептейсің бе» педагог-психолог

V Ағымдағы мәселелер

Қыздар жиналысын тәрбие ісінің меңгерушісі Сейдалиева А «Жаңа заманда сырғалалылардың әдемі болып көрінуіне мүмкіндік көп. Бояу мен иісмайдың, әшекей мен сәнді киімдердің түр-түріне оңай қол жеткізуге болады. Бірақ, әсемдік бұйымдарын орынды пайдаланып жүрміз бе?! Немесе сұлу болып көріну үшін не істеп жүрміз?» -деп тақырыпты сауалмен бастады.

Қыздардан қазіргі тәрбие туралы өздерінің жеке пікірлері сұралды. 9-сынып оқушысы САЙЛАУ НҰРСЕЗІМ МАРҒҰЛАНҚЫЗЫ. «Бұрынғы тәрбие қатаң тәртіпке негізделген болатын, қазіргі уақытта бәрі жаңарып, тәрбие мен орта өзгеріп, қыздарымыздың өз еркі өздерінде болған заман деп ойлаймын» деп өз ойын білдірді. 10-сынып оқушысы АСКАРОВА ЖАНСАЯ ЕРКЕНҚЫЗЫ. «Мен олай ойламаймын, қазір де қыздар ақылды. Тек дұрыс жол таңдап, дұрыс жүре білу керек. Бәрі өз қолыңда. Тән сұлулығынан жанның сұлу болуы маңызды деп есептеймін» деп өз ойын ортаға салды.

Қыз-бойжеткен, әйел, ана туралы ұлылардан қалған ұлы сөздер мен қанатты сөз, мақал-мәтелдерді мұғалімдер мен оқушылар мағынасын ашып, талдау жасады.

Одан кейін аға тәлімгер Дүйсенбекова Ш. «Жасөспірім қыздың тәрбиесі» тақырыбында баяндама оқып, мектебіміздегі қыздарымыздың жалпы тәрбиесі, киім киісі, адамдармен қарым – қатынас жасауда әдептілік этикасы туралы айтты.

«Сүйкімді дүниенің сұлулықта» ертегісі оқушылар назарына ұсынылып, «Әсемдіктің адам өміріндегі маңызы қаншалықты терең деп ойлайсыздар? Қыздарға әсемдік жарасады дегенді қалай түсінесіздер? Әдеп әріден басталады дегенді қалай түсінесіз?» сынды сұрақтарға жауап берді.

Қызу талқылаудан кейін, интербелсенді тақтадан «Қыздарға әсемдік жарасады» тақырыбындағы бейнематериал оқушылар назарына ұсынылып «Қазақ қызы» деп бетке ұстар аты аңызға айналған тарихтағы апаларымызды еске түсіріп, «қызға қырық үйден тыйымды» назарға ала отырып, білімді де тәрбиелі қырдың қызғалдағындай жайнап өсе беріңдер деп, сынып жетекшілер Теңсел С., Бодан А. бүгінгі жиналыстың қорытындылап тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін жасады

Сонымен қорытындылай келе, әсемдік адам өмірінің сәні болып қана табылмайды, ол оның мәні десек те қателеспейміз. Өйткені еңбек – адамды адам еткен болса, сұлулық - адам бойын қуаныш, әсем сезімге бөлей отырып, сол еңбекке деген талпынысты, құштарлықты оятады, сұлу қимылдар мен әсем де әдемі қылықтарды, әдеттерді қалыптастырады.

«Н. Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Түркістан қаласы

17.11.2023 жыл

АКТ

Біз төменде акт түзіп, қол қоюшылар

Комиссия төрағасы: Қиқынбаев М.П

Хатшы: Жұмабекова И.М

Коммиссия мүшелері:

Сейдалиева А.Б

Дүйсенбек С.Ж

Нурмахамбетова Н.О

Болып, акт жасау себебіміз, 17.11.2023 жылы сағат 16/00-де 1-қабаттағы орналасқан оқушыларға арналған «Сенім жәшігі» ашылғанын және оның ішінен ІІ-ауысымда оқитын 7 «Ә» сыныбының жазған ұсыныс хатын алғанын растап қол қоямыз.

Растап қол қоюшылар:

ДТІЖО

Қиқынбаев М.П

ДОІЖО

Сейдалиева А.Б

Педагог-психолог:

Нурмахамбетова Н.О

Әлеуметтік педагог:

Дүйсенбек С.Ж

Хатшы:

Жұмабекова И.М

«Н. Төрекұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Сенім жәшігін» ашу туралы

Хаттама №2

Өткізілген күні: 17.11.2023 жыл

Уақыты: 15.00

Жиналасқа қатысқандар:

Қиқынбаев М.П., Сейдалиева А.Б., Жұмабекова И.М., Нурмахамбетова Н.О

Дүйсенбек С.Ж

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1.Сенім жәшігінен түскен хаттар мазмұнын қарау

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп-педагог-психологы
Жұмабекова И.М сенім жәшігіне түскен хатты хабарлады. Хат II-ауысымда
оқитын 7 «Ә» сыныбынан түскен. Хаттың мазмұны төмендегіше:

1. Таңертең оқитын 10 «б» сыныбымен сөйлессеңіз. Біздің партамызға сия төге береді және тазаламайды. Бұл мәселе бойынша ДТІЖО Қиқынбаев М.П 10 «б» сыныбы таңертеңгі ауысымда оқитындығын айта келе, сынып жетекші Джакебаева С.Б сыныппен түсіндірме жұмысы жүргізілетіндігін атап өтті.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:

Қиқынбаев М.П

Жұмабекова И.М

«Н. Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп
педагог-психологтарының 5-11 сынып оқушылары
және ата-аналардан «Зорлық-зомбылықтың алдын-алу
бойынша сауалнама жұмыстары
жүргізілуі жайлы

МӘЛІМЕТ

Түркістан қаласының білім бөлімі, Түркістан облысының прокуратурасының 22.11.2023 жылғы № 2-12-23-03405 хатына сәйкес «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 10,18 және 26-баптарын басшылыққа алып, мектеп педагог-психологтары И.Жұмабекова, Н.Нұрмахамбетова директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары А.Сейдалиева, М.Қиынбаевпен, бірлесіп, 5-11 сынып оқушыларынан «Буллинг дегеніміз не?», «Зорлық-зомбылық туралы мен не ойлаймын?», «Оқушылардың сезімдері мен көңіл-күйлері», «Тәуекел топ» оқушылары және мектебіміздің 5-11 сынып оқушыларының ата-аналарынан сауалнама алынды, қорытынды мониторинг жасалды.

Мектеп психологтары «Зорлық- зомбылық туралы мен не ойлаймын?», «Буллинг дегеніміз не?» тақырыптарында 5-11 сынып оқушыларымен жүргізілген анонимді сауалнама қортындысы туралы мәлімдейді.

2023-2024 оқу жылында 5-11 сыныпта жалпы оқушы саны 915 оқушы, сауалнамаға қатысқан 889 оқушы өз жауаптарын берді.

5-11 сынып ата-аналарынан «Ата –ана мен баланың қарым-қатынасындағы қаталдық көріністерін зерттеу » сауалнамалары жүргізілді.

2023-2024 оқу жылының қазан айының 20-шы жұлдызы күні 5-11 сынып оқушыларына «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және әлімжеттікті болдырмау» мақсатында мектеп әкімшілігі тарапынан кездесу ұйымдастырылып, оқушыларға профилактикалық жұмыстар жүргізілді.

Оқушылардан алынған «Сезім мен көңіл-күй» сауалнама қорытындысында депрессия белгісі табылған оқушылармен және сауалнамада психологиялық көмекті қажет еткен оқушыларға алдағы уақытта жеке кеңес беру жұмыстары жүргізіледі.

Педагог-психологтар:

И.М.Жұмабекова
Н.Нұрмахамбетова

Н.Төрекүлов атындағы №8 жалпы орта мектебінің 8-10 сынып оқушыларымен
жүргізілген «Зорлық-зомбылық туралы мен не ойлаймын»
атты сауалнаманың қорытындысы туралы

Анықтама

Мақсаты: Балалардың құқығын қорғаудағы проблемаларды анықтап және осы мәселе бойынша балалардың көзқарасын білу үшін жүргізілуде

Мерзімі: 22.-24.11.2023ж

Уақыты :15 минут

Сауалнама жүргізгендер: Жұмабекова И, Нұрмахамбетова Н

Қатысқандар: 664 оқушы

Өзің туралы мәлімет

Жасың 14-15-16

1.Зорлық деген сөзді қалай түсінесің?

- тек күш көрсету /259

- мәжбүрлеу /215

- қорқыту /84

2. Сенің ойыңша, қай жерлерде, кімнен бала қорлық-зорлыққа тап болуы мүмкін?

- отбасында, жақын адамдардан /13

- көшеде, бейтаныс адамдардан /651

3.Қиын жағдайда не істейсің?

- Өз проблемамды өзім шешуге тырысамын /291

- Ата-анамды мазалағым келмейді /235

- Милицияға барамын /138

4. Ата-анаңмен қарым-қатынасың қандай?

- Жақсы қарым-қатынастамын /566

- Түсінбеушілік пен даулар болып тұрады /98

5. Жазалау барысында көбіне қандай шара қолданады?

- Түсіндіріп, көндіргісі келеді /330

- Дұрыс еместігін түсіндіргісі келеді /334

6.Әке- анаңның жазалауымен келісесің бе?

- иә /519

- жоқ 145

7. Бір нәрсеге ашуланып,сенен өш алған уақыттары болды ма?

- кейде /9

- еш уақытта 655

8. Өзің ата-ана болғанда өз балаларыңды жазалайсың ба?

- иә /23

- жоқ /641

9. Істеген үлкен қателіктерің үшін қандай жаза қолданады?

Анаң (ұрсады) /313

Әкең (телефонды алып қояды) /313

Ешнәрсе /38

10. Өз жанұяңда паналы, сүйікті екеніңді сезінесің бе?

- иә /664

- жоқ

11. Егерде адам зорлыққа тап болса, қандай мекемелерден көмек сұрай алады деп ойлайсың?

Психолог /95

Полиция /498

Сот /60

Мешіт /11

12. Біздің заманымызда баланы зорлықтан қорғау үшін қандай құжаттар бар?

Білмеймін /548

Заң бала құқығы /116

Ұсыныс: Зорлық зомбылықтың алдын алу мақсатында жүргізілетін жұмы